

К.С. СӘБИТ ^{1✉}, Р.М. АБДИКУЛОВА ¹¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

✉e-mail: kerimshe83@mail.ru

ҚАЗАҚ АНИМАЛИСТИК ПРОЗАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Андатпа. Бұл мақалада қазақ анималистік прозасының зерттелу мәселелері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – қазақ анималистік прозасының зерттелу тарихын, ерекшеліктерін және оның ұлттық әдебиеттану ғылымындағы орнын анықтау. Қазақ халық ауыз әдебиетінен бастау алатын анималистік прозаның зерттелу тарихына байланысты еңбектер қазақ әдебиеттану ғылымында аз десек артық айтқандық емес. Осы мәселелерді ескеріп, аталған тақырыпта зерттеу жұмысын жазу мәселесі бұл мақаланың мақсатын айқындайды. Аталған мақсатқа сай, төмендегідей міндеттер белгіленді: анималистік прозасының қалыптасу, зерттелу мәселелерін саралау; фольклорлық-тотемдік мотивтердің көркемдік, аксиологиялық қызметін пайымдау; зерттеу нәтижелерін теориялық, ғылыми тұрғыда айқындау.

Мақаланың ғылыми жаңалығы – анималистік прозадағы мистикалық, фольклорлық және тотемдік мотивтердің өзара байланысы мен сабақтастығын ұлттық әдебиеттану контекстінде кешенді түрде қарастыруында. Мақалада қазақ анималистік проза жанрының эволюциясы, мотивтердің тарихи трансформациясы, ұлттық мәдениеттегі орны сараланады. Зерттеу қорытындылары анималистік прозаның көркемдік, теориялық, тәрбиелік, дидактикалық және аксиологиялық қызметін айқындайды. Қорытындылар қазақ анималистік прозасының тарихи дамуы мен хронологиялық эволюциясын, сондай-ақ оның зерттелу мәселелерін ескере отырып жасалған. Мақаланың нәтижелері мен ғылыми тұжырымдарын қоғамдық ғылымдар салалары бойынша өткізілетін курстар мен семинарларда, әдебиеттану, мәдениеттану, фольклор, философия, педагогика, этнография және тағы басқа бағыттағы зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады. Зерттеу мақала қазақ анималистік прозасын заманауи ғылыми тұрғыдан зерделеуге бағытталып, экологиялық сана, этномәдени код, аксиологиялық жүйе мәселелерін талдауға, түсінуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: фольклор, мотив, анималистік проза, ұлттық дүниетаным, аксиологиялық жүйе.

Кіріспе

Ұлттық анималистік прозаның зерттелу тарихын, процесін, тенденциясын тәуелсіздік дәуірі талаптары туғызып отырған жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделеу қазақ әдебиеттану ғылымы алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі деп білеміз.

Қазақ анималистік прозасы – ұлттық әдебиетімізде айрықша орын алатын жанрдың бірі. Анималистік проза әдеби, көркем шығармашылықтың ерекше бағыты ретінде антропоморфизм, символизм және айналадағы құбылыстар мен заттарды сеніммен, түйсікпен

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Сәбит К.С., Абдикулова Р.М. Қазақ анималистік прозасының зерттелуі // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – Б. 224-235. <https://doi.org/10.47526/3107-3085.351>

*Cite us correctly:

Sabit K.S., Abdikulova R.M. Qazaq animalistik prozasynyn zerttelui [Study of Kazakh Animalistic Prose] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – B. 224-235. <https://doi.org/10.47526/3107-3085.351>

Мақаланың редакцияға түскен күні 15.09.2025 / қабылданған күні 30.06.2026

қабылдай білудің мифопоэтикалық үлгілеріне негізделген жан-жануарлар, аң-құс, табиғат әлемі және адамзат пен қоршаған ортаның өзара байланысын көркемдік тұрғыдан түсінуді білдіреді.

Әлем әдебиетінде аталмыш жанр – әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың фольклорлық, мифологиялық, анималистік, тотемдік идеяларынан бастау алып, ежелден келе жатқан өзіндік дәстүрі бар құбылыс. Бұл тұжырымымызға дәйекті дәлел ретінде белгілі академик, көрнекті әдебиеттанушы, фольклортанушы ғалым С. Қасқабасовтың: «Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыт, ағым, стиль мәнерінде жазылған шығармаларда көрініп жүрген постмодерндік белгі есебіндегі адам мен хайуан арасындағы жақындықтың болуы, бір адамның екіге бөлінуі... сияқты көркем тәсілдер фольклорда ертеден бері мотив не сюжет түрінде қолданылып келген үрдіс екені аян. Олардың түп негізі – көне заманғы анимистік, тотемдік, магиялық, т.б. сондай нанымдар мен ежелгі фольклорлық жанрлар (миф, хикая, ...ертегі), яғни алғашқы қауымдағы мифологиялық сана мен кейінгі дәуірлердегі фольклорлық дәстүр. Мұндай сана мен дәстүр байырғы фольклорда ғана емес, бертінгі авторлық ауыз әдебиетінде де, жаңа жазба әдебиетте де көркемдік құралға, көркем тәсілге айналып, ескі мен жаңаны, шындық пен қиялды жымдастырып жіберген, сондықтан ол ажыратуға оңай тимейтін және көңілдің терең түкпірінде жатқан, кәдімгі санамен түсінуге қиын құбылыс» [1, 164-165-бб.], – деген ғылыми мәні терең тұжырымын тілге тиек етіп өткенді жөн санап отырмыз. Ғалым С. Қасқабасов қазақ анимистік прозасының тарихи тамыры фольклорлық мұралардан бастау алатынын және фольклор мен әдебиеттің генезистік, типологиялық, трансформациялық процесіне арнайы тоқталып өтеді.

Қазақ анималистік прозасының бастауын халық ауыз әдебиетінен: ертегі, аңыз, әпсана, эпостардан іздеген абзал. Мұнда жан-жануарлар шығарманың негізгі кейіпкерлеріне айналып, «адамдық қасиеттерге ие» өнеге мен тағылымды, ұжымдық бірлікті сақтаушы, насихаттап, жеткізуші қызметін атқарушы ретінде көрініс табады. Бұл кейіпкерлер жай ғана көркемдік шарт ретінде емес, тілде, поэтикалық қалыпта, әдеп-ғұрыпта, салт-дәстүрлерде кодталған дүниетанымдық жүйенің бір бөлігі болды. Мысалы, қазақ халық ертегілеріндегі батырлардың тұлпарлары олардың сенімді серігі болуымен қатар, мінез-құлық, түсіну, тіл қату тәрізді адамға тән қасиеттерге ие, түрлі шытырман оқиғаларға қатысушы «болмыс иесі» ретінде әрекет етеді. Бұл мәселе жайында әйгілі фольклортанушы ғалым С. Қасқабасовтың: «Әдебиет пен фольклордың байланысы – әлем мәдениетінің дамуындағы басты заңдылықтардың бірі. Жер жүзіндегі қай әдебиетті алсақ та, оның шығу тегі – фольклор екенін көреміз. Сондықтан әдебиеттегі фольклоризм барлық әдебиеттің тарихы мен теориясын зерттегенде де, жеке ақын-жазушылардың шығармаларын талдағанда да көрнекті орын алады» [1, 158-б.], – деген пікірі жоғарыда білдірген тұжырымымызға бірден-бір дәлел болмақ. Бұл фольклордан тамыр тартатын анималистік прозаның генезисін, эволюциялық даму процесін айқындайды. Аталған мәселе академик С. Қасқабасовтың ұлттық фольклортану саласының көкжиегін кеңейткен, ғылыми мәні жоғары еңбегінде де жүйелі түрде классификацияланады [2]. Қазақ әдебиетінде анималистік прозаның айрықша орын алатынын жоғарыда айтып өттік. Себебі ол ұлттың дүниетанымы, болмысы мен этноэкологиялық ой-пайымы, тәжірибесін ғана сипаттап қоймай, адам мен қоршаған орта, табиғат әлемі арасындағы үндестікті айқындайтын, бейнелейтін көшпелі өркениеттің аксиологиялық, моральдық-этикалық құндылық өлшемін насихаттайтын қызмет атқарады.

Бұл жанрдың атқаратын функциялық қызметі туралы өткен ғасырдың 1960-70-жылдарындағы қазақ анималистік повестерін зерделеген әдебиеттанушы ғалым Г. Алтаева: «Одной из художественных функций анималистических персонажей является их способность рассматривать естественность человеческой жизни и ее с вечными ценностями через «неиспорченную, чистую» точку зрения животного» [3, 13-б.], – деп аталған бағыттағы прозаның мәселелері туралы тұшымды пікір білдіреді. Қазақ жазба әдебиетіндегі анималистік прозаның қалыптасу, даму тенденциялары XIX ғасырдың екінші жартысы мен

XX ғасыр басындағы әдебиеттің жанрлық жаңару үрдісімен байланысты болды. Ауызша дәстүрден жазба авторлық әдебиетке өту барысы поэтиканың трансформациялануымен қатар жүрді. Әдеби туындылардағы жануар-кейіпкерлер күрделі психологиялық сюжеттің арқауына айналып, өздерінің символдық функцияларын сақтап қалды.

Әдебиет зерттеуші ғалым Ж. Жарылғапов ауыз әдебиетінен бастау алған анималистік прозаның уақыт өте келе трансформациялану процесі туралы: «Қазақ прозасындағы неомифологизм үрдісінде айрықша бөліп айтуға тұратын тәсілдердің бірі – мифтік құбылушылық. Адамзаттың балаң санасы тудырған архаикалық мифтердегі адамның басқа заттардың кейпіне ене алуы турасындағы сенімдері кейінгі жылдар прозасында жаңа стилизацияға түсті. Адам мен табиғат, адам мен жануарларды тұтастандыра қарайтын сарынның жаңа уақыт өңдеуіне, интеллектуалдық сүзгіге түсуі қазақ әдебиетінде анималистік прозаның өрістеуіне де мұрындық болды» [4, 102-б.], – деп ғылыми тұжырым жасайды. Бұл процестің алғашқы сапында қазақ жазба әдебиетіндегі анималистік прозаны өзінің ағартушылық, педагогикалық, дидактикалық миссиясының қуатты құралы ретінде пайдаланған Ы. Алтынсарин тұрды. Қаламгердің поэтикалық және прозалық эксперименттерінде анималистік жанрда жазылған шығармаларының тағылымдық маңызы зор [5; 6].

Ұлттық жазба әдебиеттің негізін салушы, реформатор, ойшыл, хакім Абайдың да шығармашылық күдіретімен қазақ анималистік әдебиетіне қосқан үлесі мол. Оған дәлел ретінде ақынның адам мен жан-жануар, аң-құс, табиғат болмысын арқау еткен туындыларын (табиғат лирикасына арналған шығармалары, «Өзімнің әңгімесі» туындысы және т.б.) атай аламыз [7]. Адам мен табиғатты дуалистік контексте шығармаларына арқау еткен ойшылдың туындылары бүгінгі таңда қазақ әдебиеті ғана емес, әлем әдебиетінің озық үлгілерінің алтын қорынан орын алатын құндылық деп білеміз. Бүгінгі таңда қазақ анималистік прозасы уақыт пен кеңістіктің формациясына сай, түрленіп, даму үстінде.

Анималистік прозаның даму тенденциясы, әлеуеті, болашағы туралы жазушы, зерттеуші А. Кемелбаева: «Қазақ ауыз әдебиетінен бері хайуанаттар туралы анималистік проза дамып кеткен. Тегінде прозаның мүмкіндігі поэзиядан гөрі шексіз» [8], – деп пікір білдіреді. Кеңестік дәуірдегі қазақ анималистік прозасы тақырыптық-идеялық тұрғыдан жаңа сатыға көтерілді. Бұл кезеңдегі қазақ сөз өнерінің көрнекті өкілдері адамның қоршаған ортамен өзара сабақтастығын жоғары гуманистік дәрежеде насихаттап, аталған бағыттағы туындыларына арқау етті.

Суреткер М. Әуезов биік белеске көтерген анималистік проза әрі қарай салаланып, жалғасын тауып, өрістей түсті. Бұл процесс жайында зерттеуші А. Нүсіпәліқызы: «М. Әуезовтің «Көксерегінен» бастау алған анималистік-зооморфтық шығармашылық үрдіс қазіргі күнде де өз жалғасын тауып келеді. Зоомифологияны орынды қолдана білген жазушылар М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, О. Бөкей, Т. Нұрмағанбетов, А. Алтай, Ж. Қорғасбек, т.б. әңгімелері ұлттық әдебиетіміздегі мифтік шығармашылықтың ілкі нышандарын танытатын туындылардың қатарында» [9, 36-б.], – деп, анималистік жанрдың даму үрдісін ғылыми тұрғыдан тұжырымдайды. Сонымен қатар өзінің зерттеу еңбегінде тәуелсіздік және одан кейінгі кезеңдерінде аталған жанрды шығармашылық тақырыптарына арқау еткен қазақ қаламгерлері (Р. Мұқанова, А. Кемелбаева, Д. Амантай, Д. Рамазан, А. Ысқақ, Л. Қоныс, Д. Бейсенбек, М. Омарова және тағы басқа қаламгерлер) мен олардың туындыларын тарихи-хронологиялық негізде атап өтеді.

Жаңа уақыттың талабынан туындаған әдебиетті зерделейтін әдебиеттану ғылымының да көкжиегі кеңейіп келеді. Жалпы, әдебиетке, әдебиеттану ғылымына (тек әдебиет және әдебиеттану ғылымы ғана емес, өзге де салалар) қазіргі жас ұрпақтың да жаңаша көзқарасы, ой-пікірі, тұжырымы қажет. Зерттеу мақаламыздың кіріспесінде қазақ анималистік прозасының генезисі, эволюциялық даму, тарихи-хронологиялық процесі мен тенденцияларын қарастырдық.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу мақала ұлттық анималистік прозасының тарихи қалыптасуы мен дамуын, сондай-ақ оны ғылыми тұрғыдан зерттеу дәстүрлерін зерделеуге бағытталған. Зерттеу жұмысында А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Б. Кенжебаев, С. Қасқабасов, Р. Нұрғалиев, Ш. Ыбыраев, Б. Майтанов, Т. Есембеков, Г. Пірәлі, Ж. Аймұхамбет, С. Әліәкбар, А. Тойшан, Ж. Жарылғапов, Г. Алтаева, Г. Балтабаева, С. Сыздықов, Ө. Иманғали, Н. Галеева, Қ. Оразқұлова, Ж. Байтелиева, А. Раева, Ж. Жетесова, Т. Нұрбеков және тағы басқа қазақ анималистік прозасын зерделеген ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері, мақалалары, тұжырымдары басшылыққа алынды. Бұл деректер жанрдың тарихи-хронологиялық эволюциясын, көркемдік ерекшеліктерін және ұлттық прозаның аксиологиялық мәнін талдауға ғылыми негіз болды.

Зерттеу барысында қазақ анималистік прозасының даму кезеңдері мен дәстүрлер арасындағы байланыстар сараланды. Тарихи-генетикалық талдау жанрдың құрылымдық ерекшеліктері мен тарихи қалыптасуын анықтауға бағытталды, ал салыстырмалы әдіс әртүрлі кезеңде жазылған шығармалардың стильдік және мазмұндық айырмашылықтарын зерттеуге мүмкіндік берді. Герменевтикалық және интерпретациялық тәсілдер мәтіндердің семантикасы мен мәдени контекстін ашуға, авторлық идеяны ғылыми тұрғыда түсіндіруге қолданылды. Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы қазақ ұлттық анималистік прозасын тек мәтіндік немесе құрылымдық деңгейде емес, сонымен қатар тарихи, мәдени, психологиялық және аксиологиялық тұрғыда кешенді ғылыми зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазақ анималистік прозасын зерттеу мәселесінде ғылыми, әдеби, философиялық, теориялық, әлеуметтік, мәдени, аксиологиялық тұжырымдарға сүйендік. Зерттеу тақырыбына арқау болған материалдарға сұрыптау, сараптау, жинақтау, сипаттау, талдау, қорытындылау жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу әдістері мен материалдары қазақ анималистік прозасын тек мәтін мен құрылым деңгейінде ғана емес, адамның психикасы, эстетикалық сезімі және құндылықтық сана арқылы көрінетін күрделі әдеби құбылыс ретінде зерделеуге мүмкіндік береді.

Талдау мен нәтижелер

Адамзат баласының сан ғасырлық дүниетанымы, наным-сенімі, әдет-ғұрпы, уақыт пен кеңістік категориясы бойынша жинақтаған өмірлік тәжірибесі оның мәдениеті, әдебиеті, тілі, тарихы, өнерінде көрініс табатыны заңдылық. «Халық дүниетанымы... оның өмірлік тәжірибесін, тарихи жадын бейнелейтін мәдени мұра» [10, 249-б.].

Адамзат санасының «сәбилік кезеңіндегі» нанымындағы тотемдік сенім жүйесі жоғарыда айтылған өнер категориялары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, мазмұндық, тақырыптық, формалық трансформацияларға ұшырап, өзгеше сипатта бейнеленетіні белгілі. Сол сияқты анимализм ұғымы да ұлттық өнердің барлық саласында, атап айтқанда, сөз, бейнелеу, кескіндеме, сәулет, музыка, би және тағы басқа өнер түрлерінде көрініс беретін құбылыс. Ол құбылыс жаңарған, өзгерген уақыт талабына сай түрленіп, жаңғырып жоғарыда атап өткен өнер түрлеріне жаңаша сипатта арқау болып, ғылыми тұрғыдан да заман ағымына сай зерделетіні ақиқат. Мақаламызда сөз етіп отырған анималистік проза және оның зерттелу процесі мен принциптері де осы мәселелерге жауап іздеуге бағытталған.

Қазақ анималистік прозасын зерттеудің тек әдебиеттанулық қана емес, мәдениеттанулық тұрғыдан да маңызы бар. Ол дәстүрлі дүниетаным элементтерін қайта жаңғыртуға, модернизация жағдайында образдар мен сюжеттердің трансформациялануын анықтауға және қаламгерлердің аталған жанрдың дамуына қосқан үлестерін, сондай-ақ әдебиеттану аясында зерттелу мәселелерін айқындауға мүмкіндік береді. Қазақ анималистік прозасын орыс, түрік, еуропалық әдебиеттердегі өзара ұқсас құбылыстармен генезистік, типологиялық, тақырыптық, тарихи-хронологиялық тұрғыдан салыстырмалы түрде талдау, зерделеу мәселелері бүгінгі таңда ғылыми тұрғыдан қызығушылық тудыруда. Себебі қазіргі

жаһандану және экологиялық сын-қатерге толы ахуал жағдайында анималистік прозаның маңызы өте өзекті болуда.

Қазақ әдебиетінде анималистік прозаның жаңа формалары пайда болды. Бұл аталмыш жанрдың өзектілігі мен өміршендігін көрсететін құбылыс. Қазақ анималистік прозасы дәстүр мен жаңашылдық, экологиялық, этнографиялық шынайылық пен символдық терең мән тоғысқан әдеби процестің күрделі әрі көп өлшемді қабатын құрайтын құндылыққа айналуға. Оны ғылыми тұрғыдан зерттеу барысында тарихи-әдеби, мәдени, құрылымдық-семиотикалық әдістерді біріктіретін кешенді жүйе қажет. Сол себепті зерттеу мақаламызда қазақ анималистік прозасының эволюциялық даму процесін, тенденциясы мен принциптерін дүниетанымдық, тарихи, мәдени аспектіде зерделеп, оның жанрлық, тақырыптық табиғатын, поэтикалық ерекшелігін анықтап, ұлттық және әлем әдебиеті контекстіндегі орнын айшықтауды көздедік.

Әдебиеттанулық талдау контекстінде анималистика – белгілі бір құндылықтық-мағыналық мәнге ие конструкцияларды білдіретін, баяндау объектілері мен субъектілері жан-жануар, аң-құстарды арқау ететін туындылардың жиынтығы. Біз бұл тұжырымымыз арқылы адам мен табиғаттың өзара сабақтастығын көркемдік тұрғыдан модельдеу мәселесі туралы сөз қозғап отырмыз. Әлемдік ғылымда бұл бағыт әдебиеттегі экосын [11, 354-б.], нарратология, антропология (көркем антропология) туралы еңбектерде көрініс табады. Қазақ анималистік прозасы поэтикалық тұрғыдан алғанда, жан-жануарларды, аң-құстарды антропоморфизациялауда (адамға тән болмыс, қасиеттерді жан-жануарларға, аң-құстарға телу), мифопоэтикалық архетиптерді қолданудан, адам мен табиғаттың байланысын, үндестігін сипаттайтын параллель сюжеттік желілер құруда және реалистік шынайылық пен этнографиялық нақтылықты метафоралық қанықтықпен үйлестіре білуде көрініс табады. Қазіргі зерттеулерге анималистік прозаны ғылыми салааларық байланыста және пәнаралық талдау призмасы контексті арқылы зерттеу қажеттілігі тән. Әдебиеттанулық әдіснама мәтіннің жанрлық-стильдік ерекшелігі мен құрылымдық үлгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Мәдени көзқарас оларды әлемнің ұлттық бейнесінің тасымалдаушылары ретінде; этнографиялық көзқарас жан-жануарлар жайындағы қалыптасқан ұғымды әлеуметтік-мәдени контексті қайта құрылымдауға; ал экологиялық көзқарас адамзат пен табиғат әлемі арасындағы қарым-қатынасты жаһандық диалог аясында анималистік бейнелерді түсінуге жол ашады. Қазақ анималистік прозасында жан-жануарлар бейнесі мен мәтін арқылы берілетін аксиологиялық жүйесі арасында тұрақты корреляция бар екенін атап өткен жөн. Аталған корреляция конфликт құрылымында, кеңістік символизмінде және баяндау перспективасын таңдау барысында аңғарылады.

Зерттеу мақалада қазақ анималистік прозасының жанрлық әртүрлілігін, фольклорлық қайнарын, дидактикалық, аксиологиялық, экологиялық аспектілерін әдебиеттану (С. Қасқабасов, Г. Алтаева, Ж. Жарылғапов, Г. Балтабаева, С. Сыздықов, Ө. Иманғали, Н. Галеева және т.б.), тіл білімі (Ж. Байтелиева, А. Раева, Ж. Жетесова, Ж. Исаева, Т. Нұрбеков, т.б.), бейнелеу өнері (Қ. Оразқұлова) және тағы басқа салалар контекстінде зерделеген отандық зерттеушілердің еңбектеріне алғаш рет жүйелі талдау жасалды. Қазақ дүниетанымындағы анималистік ұғымдардың классификациясы, олардың көркемдік қызметінің ұлттық-спецификалық ерекшеліктерін айқындауға тырыстық. Жұмысымызға жоғарыда аты-жөндері аталған ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми еңбектері, мақалалары, тұжырымдары арқау болды. Академик С. Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» атты монографиясында фольклорлық мұраларды жанрлық, тақырыптық тұрғыдан классификациялаумен қатар, прозалық анималистік ертегілердің де ғылыми сипаттамасын терең пайыммен зерделейді [2].

XX ғасырдың алғашқы екі онжылдығындағы М. Әуезов бастаған қазақ қаламгерлері шығармаларында жан-жануарлар эмоциялық-экспрессивті мінез-құлықтың тасымалдаушысы, кейіпкер мен қоршаған орта арасында делдал ретінде әрекет ететін

«болмыс иесі» деңгейіне көтерілді. Классик қаламгер М. Әуезовтің «Көксерек» туындысында қасқыр бейнесі тек зоологиялық сипатта емес, табиғи инстинкт пен биологиялық болмыстың көркем моделі ретінде сипатталады. Мысалы, екі жыртқыштың қозыны жеген сәттегі: «...Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды», «Қапаш-құпаш қорқ-қорқ етіп қомағай қанды ауыздар асайды» деген сипаттамалар жыртқыштық әрекетті натуралистік дәлдікпен, нақтылықпен береді [12, 10-б.]. Мұнда автор жыртқыштың әрекетін табиғи заңдылық ретінде суреттейді. Адам баласы тағының, жыртқыштың генетикалық жаратылысын өзгерте алмайды деген тұжырымын аңғарамыз. Қасқыр апаны маңындағы көріністе: «Жота жүні үрпиіп, үдірейіп тұрып алады», «...Тісі батып, қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады. Кәпір, қырыс тағы емес пе?! ...жасымайды» деген детальдар қасқыр психологиясын инстинктіге негізделген тіршілік иесі ретінде көрсетеді [12, 12-б.]. Көксеректің «адалдық», «ұрлық» сияқты ұғымдарды қабылдай алмауы оның әлеуметтік емес, генетикалық түйсікпен әрекет ететінін айғақтайды. Мәселен, «...Ұры. Асырасаң да мал болмайды. Тұқымы жау емес пе?!» [12, 12-б.] деген пікірлерден жоғарыда тілге тиек еткен тұжырымды анық аңғарамыз. Қанша қолға үйретуге тырысты дегеннің өзінде, ол қоршаған ортаға толық бейімделмейді. Бұл табиғи кодтың әлеуметтік нормадан басым түсетінін көрсетеді. Автор өз туындысында қасқыр бейнесін сипаттауда антропоморфизмге бой алдырмай, зооморфтық, биологиялық, жыртқышқа тән түйсіктік контексте шындық аясында бейнелейді. Бұл анималистік прозаның негізгі принципі: жануар табиғатын өз болмысында сақтау екеніне дәлел деп білеміз. М. Әуезовтің бұл шығармашылық шеберлігі «Көксеректі» қазақ анималистік прозасының классикалық үлгісі ретінде танытады.

XX ғасырдың 1960-70-жылдарындағы қазақ анималистік прозасының генезисі, образдылық, баяндалу формасы мәселелерін зерделеген ғалым Г. Алтаеваның ғылыми жұмысы ұлттық әдебиеттануға қосылған маңызды еңбек деп бағалаймыз [3]. Аталған еңбекте сөз зергерлері М. Мағауиннің «Тазының өлімі», «Сүркөжек аттың соңғы шабысы», Ә. Кекілбаевтың «Бәйгеторы» повестері, С. Санбаевтың «Ақ аруана» туындысы, О. Бөкейдің «Бота», «Кербұғы», «Айпара ана» шығармалары, М. Отыншиевтың «Тас қасқыр» прозалық туындыларының анималистік сипатын ғылыми айналымға енгізіп, қазақ әдебиеттану саласындағы анималистік прозаның зерттелу мәселелеріне арналған өзекті жұмыстардың бірі болды.

Ғалым Г. Алтаева: «Анализ особенностей построения казахской анималистической прозы позволяет говорить о некоторых устойчивых повторяющихся признаках а произведениях анализируемого периода: дискретная (прерывистая) композиция, прием ретроспекции, монтажное начало, предисловные рассказы, вставные новеллы, повторы. Общность признаков обусловлена общностью тематики и проблематики казахской анималистической прозы» [13, 530-б.], – деп, зерттеу нысанына арқау болған қазақ анималистік прозасы жанрында қалам тербеген сөз зергерлері мен олардың туындыларының құрылымы, композициясы, сюжеті, тақырыбы сынды теориялық және тағылымдық, аксиологиялық мәселелерін ғылыми негізде тұжырымдайды.

Әдебиеттанушы Г. Алтаева өзінің зерттеу жұмысында XX ғасырдың 60-70-жылдарында әдеби процестегі санаулы қаламгерлер мен олардың анималистік проза жанрында жазылған шығармаларын зерделеген ғылыми еңбегі ұлттық әдебиеттану саласындағы аталған тақырыпты пайымдаған сүбелі еңбек екенін жоғарыда тілге тиек етіп өттік. Диалектика заңдылығы бойынша өмірдің, уақыттың бір орнында тұрмайтыны ақиқат. Уақыт өзгерісі қоғамдық өмірдің барлық саласына да өз жаңалығын алып келетіні белгілі. Сол сияқты қазақ анималистік прозасы, оны зерттеу мәселелері де жаңарған, жаңғырған уақыттың талабымен санасады. Аталған жанрдың дамуы, өрістеуі әрі оны ғылыми негізде зерделеу де тәуелсіздік, одан кейінгі кезеңдегі өзгерістер, сондай-ақ жаһандық талаптардан туындап отырған жаңаша көзқарас бойынша жалғасын табатыны заңдылық. Бүгінгі таңда анималистік прозаның зерттелуі жаңаша сипатта өз жалғасын табуда.

Ғалым Г. Балтабаеваның тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасын зерделеген еңбегінің бір тарауы шығармашылығына анималистік проза жанрын арқау еткен қазақ қаламгерлері туындыларын зерттеуге арналған [14]. Ғылыми мәні жоғары еңбекте сөз зергерлері А. Алтай («Кентавр», «Көкжендет»), А. Кемелбаеваның («Қоңыр қаз») прозалық туындыларының анималистік, мифопоэтикалық, антропологиялық сипатын, өзара сабақтастығын, теориялық, көркемдік табиғатын, идея, тақырып, жаңашылдық мәселелерін жаңа көзқарас тұрғысынан зерделейді.

Зерттеушілер С. Сыздықов, Ө. Иманғали өздерінің ғылыми жұмыстарында қазақ анималистік прозасының өкілдері, олардың шығармаларын жаңаша бағытта талдайды.

Әдебиеттанушы С. Сыздықов ғылыми мәні терең өз зерттеуінде ғалым, жазушы, этнограф А. Сейдімбековтің «Ақиық» атты прозалық еңбегіне, сондай-ақ «Аңшы өтірік айтпайды», «Тәтті тіршілік», «Олжа» әңгімелеріне баға беріп, қаламгердің аталған кітабы мен шығармаларындағы анималистік мәселелерді бүгінгі көзқарас тұрғысынан пайымдайды.

Тұжырымымыз дәйекті болуы үшін зерттеуші ғалым С. Сыздықовтың еңбегіне сүйенейік: «Әдеби бағыттардың бірі болып табылатын және жануарлардың бейнелері мен олардың тіршілік ету ортасын сипаттаумен ерекшеленетін анимализм сияқты ұғым бар. ...Қаламгердің дүниетанымының басқа жазушылардың дүниетанымынан бір ерекшелігі, адам мен табиғатты біртұтас бірлікте қарастыруында. ...Адам мен табиғаттың терең байланысын, бұзылмас бірлігін жазушы пантеистік сенім дәрежесіне дейін көтерген» [15, 54-б.]. Ғылыми мәні бар бұл пікір қазақ анималистік прозасының өзекті жанр әрі қай кезеңде де әдебиеттану ғылымының күн тәртібінен түспейтін, жаңаша бағытта зерделене беретін өзекті зерттеу тақырыбы екенін дәлелдейді.

Жас зерттеуші Ө. Иманғали аталған жанрдағы прозалық туындылардың өкілдері мен олардың шығармаларын әлем әдебиеті қаламгерлерінің әдеби еңбектерін тақырыптық-идеялық, мазмұндық тұтастық, көркемдік, поэтикалық, дәстүр және жаңашылдық контекстінде талдауы, қазіргі қазақ анималистік прозасының композициялық құрылымының күрделене түскенін, кейіпкерлердің грациялық дамуын сипаттау арқылы уақыт пен кеңістікті қамтыған жаңаша тұрпаттағы құрылымдық жүйенің қалыптасқанын зерделеуі бұл бағыттағы жаңа зерттеулердің бірі деп бағамдаймыз [16].

Ғылыми зерттеуде ежелгі Римнің әйгілі ақыны П. Овидийдің «Метаморфозалар» (құбылу) атты туындысының белгілі қазақ жазушысы Т. Нұрмағамбетұлының «Кене» атты прозалық шығармасына ықпалы және Ф. Кафканың «Құбылу» туындысымен өзара ұқсастығы; Ш. Мұртазаның «Алапар мен Динго» әңгімесі ағылшынның натуралист қаламгері Дж. Дарреллдің «Менің отбасым және басқа жан-жануарлар» атты әңгімесімен; Н. Дәутайұлының «Айғыркісі» шығармасы А. Куприннің «Изумруд» деген әңгімесімен салыстыра талдауы қазақ анималистік прозасының әлем әдебиетінің аталған жанрдағы шығармаларымен өзара үндестігінің саралануы зерттеуші Ө. Иманғалидің ғылыми жұмысының өзектілігі мен жаңалығының бірі деп тұжырымдаймыз. Сонымен қатар А. Нүсіпәліқызының да анималистік прозаның мәселелерін жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделеген еңбегінің де маңызын атап өткен жөн [17].

Қазақ анималистік прозасын тіл білімі заңдылықтары, лингвистикалық принциптер негізінде зерттеу нысанына айналдырған тілші ғалымдар мен олардың еңбектеріне де шолу жасап өткеніміз абзал. Аталмыш жанрда қалам тербеген жазушылар мен олардың әдеби туындыларын лингвистикалық тұрғыдан пайымдаған зерттеу еңбектері ұлттық ғылымымызға қосылған, оның көкжиегін кеңейткен ғылыми жұмыстар деп білеміз. Пікіріміз дәлелді болуы үшін Ж. Байтелиева, А. Раева, Ж. Жетесова, Ж. Исаева, Т. Нұрбеков және өзге де зерттеушілер қазақ дүниетанымы, философиясы, әдебиетіндегі анималистік ұғымдарды тіл білімі заңдылықтары тұрғысынан (жылқы түлігіне қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени сипаты; қазақ және түрік тілдері бойынша зоофразеологизмдердің ұқсастықтары мен ерекшелігі мәселелері; қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың

лингвомәдени, когнитивті аспектілерін салыстырмалы тұрғыдан кешенді түрде талдап, саралауға арналған; қазақ тіліндегі зоонимдік атаулардың этнолингвистикалық қырлары; қазақ ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени ерекшеліктерін) ғылыми контексте пайымдаған зерттеулерін атап өткенді жөн санаймыз. Қазақ дүниетанымындағы анималистік құбылыстардың бейнелеу, қолданбалы-сәндік өнеріндегі көрінісін ғылыми тұрғыдан зерттеген өнертанушы ғалым Қ. Оразқұлованың монографиясы да ұлттық ғылым саласының деңгейін көтеруге қызмет ететін, үлес қосатын еңбектердің бірі [18]. Зерттеу еңбекте б.з.д. ежелгі дәуір көшпенділерінің (сақ, массагет) бейнелеу өнерінен тамыр тартатын анималистік ұғымдар, олардың символдық мәні, дүниетанымда алатын орны, қазіргі кезеңдегі қазақ мәдениеті мен менталитетіндегі интерпретациясы сияқты мәселелер сараланған.

Ұлттық болмысымыздың бедерін айшықтайтын анималистік ұғымдардың, көріністердің, туындылардың қазақ әдебиеттану, тіл білімі, бейнелеу, кескіндеме, сәулет және тағы басқа салаларда бүгінгі таңда жаңаша бағытта ғылыми негізде зерделенуі әлі де өзекті тақырыптардың бірі саналады. Мақаламыздың талқылау бөлімінде анималистік құбылыстарды тарихи-хронологиялық, мәдени, өнер, аксиологиялық, дидактикалық, философиялық, әдеби-тілдік тұрғыдан жүйелі, бүтін бір контексте пайымдауға тырыстық.

Бұл тақырыпты алдағы уақытта көлемді ғылыми жұмыстарымызға әлі де арқау ететініміз анық. Себебі қазақ анималистикалық прозасы іргелі зерттеуді қажет ететін, бүгінгі әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі деп тұжырымдаймыз.

Қазақ анималистік прозасының туу, қалыптасу, даму процесінің зерттелу тарихын бір шағын мақалаға арқау ету оңай дүние емес. Оған мақаламыздың көлемі көтермейтіні себеп. Дегенмен анималистік мәселелердің, ұғымдардың, құбылыстардың ұлттық әдебиетімізде, мәдениетімізде, тілімізде, бейнелеу өнерінде және тағы басқа салаларында көрініс табуын, аталған проблемаларды тура және жанама бағытта өздерінің зерттеу нысанына айналдырған санаулы, негізгі зерттеушілер мен олардың жұмыстарын ғылыми негізде тұжырымдауға, сараптап, салыстырып талдауға, бағасын беруге, әдебиеттану, лингвистикалық, өнертану бағытында зерделенген еңбектерді бүтін бір контексте пайымдауға тырыстық.

Аға буын өкілдерінен бері қарай жалғасып келе жатқан шығармашылық дәстүр әрі қарай өз сабақтастығын табатыны заңдылық. Қазақ анималистік прозасы – заман ағымына сай, жаңарып, жаңғырып, даму процесін өткеріп отыратын құбылыс. Әр кезеңнің қаламгерлері бұл тақырыпқа жаңаша қырынан келіп, өз үнін білдіріп, үлестерін қосатыны ақиқат. Дәуірдің жаңаруы аталған саланың өкілдеріне, сондай-ақ зерттеуші ғалымдарға да жаңа міндеттерді жүктейтіні анық.

Зерттеу барысында қазақ дүниетанымындағы анималистік ұғымдарды ғылыми негізде зерделеген зерттеушілердің еңбектері, мақалалары, тұжырымдары басшылыққа алынып, олардың зерттеу әдістері, әдіснамалары, принциптері сараланды. Сонымен қатар ол еңбектердің жаңалықтары, жетістіктері, кемшін тұстары да мақаламызда тілге тиек етілді. Анималистік құбылыстардың өнер салаларында (сөз өнері: әдебиет, тіл; бейнелеу, кескіндеме, сәулет, би, саз) көрініс табуын ғылыми, тарихи-хронологиялық тұрғыдан пайымдаған зерттеушілер мен олардың еңбектеріне талдау жұмыстары жүргізіліп, отандық ғылымдағы маңызы және алатын орны айқындалды.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде қазақ дүниетанымындағы анималистік ұғымдарды, құбылыстарды түрлі ғылыми контексте зерделеген ғалымдар, зерттеушілердің еңбектерін саралап, талдау жүргізе, классификациялай отырып төмендегідей тұжырымдар ұсынылды:

- қазақ әдебиетіндегі (проза) анималистік жанр өкілдері және олардың туындыларының ұлттық әдебиеттану саласында ғылыми айналымға енуінің тарихи-хронологиялық жүйесі талданды;

- анималистік ұғымдардың тіл білімі, бейнелеу, саз, би өнеріндегі көріністерінің зерттеу нысанына айналуы тұжырымдалды;

– қазақ анималистік прозасы орыс, әлем әдебиеті өкілдері туындыларымен салыстырыла айтылды;

– зерттеу нәтижелері қазақ анималистік прозасының тек көркемдік жанр ғана емес, адам мен табиғат, жан-жануарлар арасындағы құндылықтар жүйесінің құрамдас бөлігі екенін көрсетті.

Зерттеулер мен нәтижелер аталмыш жанрдың қазіргі рухани, мәдени трансформациялар контекстінде өзекті екенін көрсетеді. Бұл өзара қарым-қатынас, үйлесімділікке құрылған ұштаған: «адам-табиғат-жан-жануар» тәрізді негізгі құндылықтардың айрықша моделін құрайды. Қазақ анималистік ұғымының орыс, Еуропа, Батыс әдебиетіндегі «өмір үшін күрес және тіршілік ету» қағидасынан айырмашылығы – гуманистік, моральдық-этикалық, экологиялық жауапкершілікті жоғары қоя білуінде. Осы себепті зерттеу барысында алынған нәтижелер ұлт әдебиетінің ерекшеліктері мен әдебиеттану ғылымының жетістіктерін ғана емес, ұлттық болмыс, руханият, мәдениет, құндылық тәрізді құбылыстардың өзара әрекеттесуінің әмбебап заңдылығын ұғына білудің рухани, дидактикалық, аксиологиялық құралы деп білеміз. Қазақ анималистік прозасы тек көркемдік құрал, құбылыс қана емес, этномәдени кодтарды өзара біріктіретін құндылық құбылысы деп тұжырымдаймыз.

Ұлттық анималистік мәселелер уақыт пен кеңістік контекстінде жаңа бағытта, заман талаптарынан тауындап отырған жаңаша әдіс, әдіснама негізінде көптеген ғылым салаларының зерттеу нысанына арқау болатыны ақиқат. Әр уақыт, кезең, дәуірдің ұрпағы аталған бағытта өз пікірлерін білдіріп, тұжырымдарын ұсынатыны заңдылық.

Зерттеу аясында тұжырымдалған нәтижелерді қазақ әдебиеті, теориясы, сыны, қазіргі қазақ әдебиеті, ХХІ ғасыр әдебиеті сынды пәндерді, сонымен қатар қоғамдық ғылымдар салаларында, этнопедагогика, мәдениеттану, философия, экология, т.б. курстарды оқыту, оқу-әдістемелік кешен материалдарын әзірлеу барысында, білім алушылар, магистранттар мен докторанттардың ғылыми зерттеу жұмыстарында пайдаланудағы практикалық маңызын атап көрсеткіміз келеді.

Қорытынды

Қазақ анималистік прозасын зерттеу мәселелері оның көркемдік-эстетикалық аспектілерін ғана емес, ұлт болмысын, этномәдени, аксиологиялық, философиялық өлшемдерін де көрсететін күрделі сипатын да айқындайды. Оның поэтикасы табиғат, адамзат, жануарлар арасындағы байланысты реалистік тұрғыдан бейнелеу элементтерін дүниетанымымызбен бүтін бір бірлікте сабақтастырады. Бұл синтез қазақ анималистік прозасын әлем әдебиеті мен әдебиеттану саласы контекстіндегі ерекше құбылысқа айналдырды.

Әдебиеттану тұрғысынан алғанда, қазақ анималистік прозасы өзара ғылыми салааралық, пәнаралық байланысты қажет етеді. Оны фольклортану, мәдениеттану, философия, этнография, мәдениеттану контексті аясынан тыс зерделеу мүмкін емес. Қазіргі кезеңдегі тенденциялар әдебиеттің бұл жанры экологиялық сана-сезімді қалыптастырып, гуманистік ізгі қасиеттерді дамытып, өмірдегі құндылықтарды аксиологиялық тұрғыдан қайта саралауға ықпал ететін фактор екенін көрсетеді.

Қазақ анималистік прозасын ғылыми тұрғыдан зерделеген ғалымдар, зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, аталған жанрдың тек көркемдік құбылыс қана емес, мәдени код, тарихи жады, идеялық көзқарастарды жеткізуші, тасымалдаушы ретінде функциялық қызмет атқаратыны тұжырымдалды.

Зерттеу барысында төмендегідей теориялық қорытындыларға қол жеткізілді:

– қазақ анималистік прозасы жанрлық тұрғыдан орныққан, өзіндік поэтикалық жүйесі бар әдеби құбылыс екені зерделенді;

– аталған бағыттың мәдени код кешені, онда жан-жануарлар, аң-құстар архетиптік мағыналарды, тарихи жадыны тасымалдаушы ретінде қызмет атқаратыны сараланды;

– анималистік проза төл әдебиеттің бір бөлшегін құрайтын құбылыс қана емес, жалпыадамзаттық құндылықтық маңызы бар мәдени болмыстың теориялық моделі екені тұжырымдалды.

Қорытындылай келе, қазақ анималистік прозасының қазіргі қоғам алдында тұрған мәдени, тарихи, экологиялық, аксиологиялық мәселелерді тереңірек түсінуге бағыт беретін дидактикалық құрал ретіндегі маңызы және адамның табиғат әлеміндегі рөлі мен орны пайымдалды. Ұлттық әдебиетіміздегі анималистік дәстүрді зерделеу әдебиеттану ғылымының көкжиегін кеңейтетін құбылыстардың бірі деп түйіндейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қасқабасов С. Алтын жылға. – Алматы: Жібек жолы, 2013. – 520 б.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
3. Алтаева Г. Казахская анималистическая повесть 1960-70-х годов (генезис, образность, повествовательные формы): автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 30 с.
4. Жарылғапов Ж., Такиров С., Жакулаев Ә. Қазақ прозасы: модернизм және постмодернизм. – Қарағанды: «Арқо» ЖШС, 2015. – 290 б.
5. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003. – 111 б.
6. Алтынсарин Ы. Кел, балалар оқылық. – Алматы: Атамұра, 2006. – 162 б.
7. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге... – Алматы: Атамұра, 2020. – 288 б.
8. Кемелбаева А. Жазушы ізгіліктің иесі болуы тиіс. [Электронды ресурс]. – URL: <https://abai.kz/post/13342.20.04.2012> (қаралған күні: 13.08.2025)
9. Нүсіпәліқызы А. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтің көркемдік қызметі (2000-2022 жылдар): Философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2023. – 142 б.
10. Мужигова Г.М., Сейсенбиева Э.С., Ергубекова Ж.С. Кенже ұл мотиві: түркі халықтары фольклорындағы мұрагерлік феномен // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – № 4 (138). – Б. 247–257. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.289>
11. Ривкин Д., Райан М. Әдебиет теориясы: Антология. 4-том. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 452 б.
12. Әуезов М. Көксерек. – Алматы: Балауса, 2006. – 512 б.
13. Алтаева Г. Дискретная композиция казахской анималистической повести 1960-70-х годов // European Researcher. – 2014. – Vol. (70), No 3-1. <https://doi.org/10.13187/issn.2219-8229>
14. Балтабаева Г. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2012. – 273 б.
15. Сыздықов С. А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі: Философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2023. – 143 б.
16. Иманғали Ә. Қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік әлемі (1991-2021 жж.): Философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2024. – 121 б.
17. Нүсіпәліқызы А. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтің көркемдік қызметі (2000-2022 жылдар): Философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2023. – 142 б.
18. Оразқұлова Қ. Қазақ суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана: мәдени-философиялық талдау. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 384 б.

REFERENCES

1. Qasqabasov S. Altyn zhyлга [Golden channel]. – Almaty: Zhibek zholy, 2013. – 520 b. [in Kazakh]
2. Qasqabasov S. Qazaqtyn halyq prozasy [Kazakh folk prose]. – Almaty: Gylym, 1984. – 272 b. [in Kazakh]
3. Altaeva G. Kazahskaia animalisticheskaya povest 1960-70-h godov (genezis, obraznost, povestvovatelnye formy): avtoref. ... kand. filol. nauk [Kazakh animalistic novel of the 1960s and 70s (genesis, imagery, narrative forms): abstract]. – Almaty, 2004. – 30 s. [in Russian]
4. Zharylgapov Zh., Takirov S., Zhakulaev A. Qazaq prozasy: modernizm zhane postmodernizm [Kazakh prose: modernism and postmodernism]. – Qaragandy: «Arko» ZhShS, 2015. – 290 b. [in Kazakh]
5. Altynsarin Y. Qazaq hrestomatiasy [Kazakh chrestomathy]. – Almaty: Bilim, 2003. – 111 b. [in Kazakh]

6. Altynsarin Y. Kel, balalar oqylyq [Come, Children, Let's Read]. – Almaty: Atamura, 2006. – 162 b. [in Kazakh]
7. Abai. Sen de bir kirpish duniege... [You Too Are a Brick in the World's Foundation...]. – Almaty: Atamura, 2020. – 288 b. [in Kazakh]
8. Kemelbaeva A. Zhazushy izgiliktin iesi boluy tiis [The writer must be the owner of virtue]. [Electronic resource]. URL: <https://abai.kz/post/13342.20.04.2012> (date of access 13.08.2025) [in Kazakh]
9. Nusipaliqyzy A. Qazirgi qazaq angimelerindegi miftin korkemdik qyzmeti (2000-2022 zhyldar): Filosofia doktory (PhD) ... dis. [Artistic activity of myth in modern Kazakh stories (2000-2022): dis.]. – Almaty, 2023. – 142 b. [in Kazakh]
10. Muzhigova G.M., Seisenbieva E.S., Ergubekova Zh.S. Kenzhe ul motivi: turki halyqtary folkloryndagy muragerlik fenomen [The motive of the youngest son: the phenomenon of inheritance in the folklore of the Turkic peoples] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №4 (138). – B. 247–257. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.289> [in Kazakh]
11. Rivkin D., Raian M. Adebiet teoriasy: Antologiya. 4-tom [Literary Theory: An Anthology. Volume 4]. – Almaty: «Ulttyq audarma biurosy» qogamdyq qory, 2019. – 452 b. [in Kazakh]
12. Auezov M. Kokserek [Kokserek]. – Almaty: Balausa, 2006. – 512 b. [in Kazakh]
13. Altaeva G. Diskretnaia kompozicia kazahskoi animalisticheskoi povesti 1960-70-h godov [A discrete composition of the Kazakh animalistic novel of the 1960s and 70s] // European Researcher. – 2014. – Vol. (70), No 3-1. <https://doi.org/10.13187/issn.2219-8229> [in Russian]
14. Baltabaeva G. Tauelsizdik kezenindegi qazaq prozasy [Kazakh prose in the period of independence]. – Almaty: QazMemQyzPU, 2012. – 273 b. [in Kazakh]
15. Syzdykov S. A. Seidimbek prozasyndagy ulttyq-etnografialyq qundylyqtardyn korkemdik qyzmeti: Filosofia doktory (PhD) ... dis. [Artistic activity of national and ethnographic values in the prose of A. Seidimbek: dis.]. – Almaty, 2023. – 143 b. [in Kazakh]
16. Imangali O. Qazirgi qazaq angimelerinin korkemdik alemi (1991-2021 jj.): Filosofia doktory (PhD) ... dis. [Artistic activity of myth in modern Kazakh stories (2000-2022)]. – Almaty, 2024. – 121 b. [in Kazakh]
17. Nusipaliqyzy A. Qazirgi qazaq angimelerindegi miftin korkemdik qyzmeti (2000-2022 jyldar): Filosofia doktory (PhD) ... dis. [Artistic activity of myth in modern Kazakh stories (2000-2022)]. – Almaty, 2023. – 142 b. [in Kazakh]
18. Orazqulova Q. Qazaq suretshileri shygarmashylygyndagy arhetiptik obraz ben uzhyndyq beisana: madeni-filosofialyq taldau [Archetypal image and collective identity in the work of Kazakh artists: cultural and philosophical analysis]. – Almaty: «Karatau KB» ZhShS, «Dastur», 2014. – 384 b. [in Kazakh]

Study of Kazakh Animalistic Prose

Abstract. This article examines the study of Kazakh animalistic prose. The aim of the study is to determine the historical development of Kazakh animalistic prose, the history of its scholarly investigation, its distinctive features, and its place within national literary criticism. It must be acknowledged that works addressing the research history of animalistic prose – whose historical roots lie in Kazakh oral folk literature – are remarkably scarce in Kazakh literary scholarship. Taking these circumstances into account, the need to conduct a research study on this subject defines the purpose of the present article. In accordance with this aim, the following objectives were established: first, to analyse the problems of the formation and scholarly study of Kazakh animalistic prose. Second, to examine the artistic, and axiological functions of folkloric-totemic motifs. And third, to articulate the results of the study from theoretical, academic perspectives.

The scholarly novelty of the article lies in its comprehensive treatment of the interrelationship and continuity of mystical, folkloric, and totemic motifs in animalistic prose within the context of national literary studies. The article analyses the evolution of the Kazakh animalistic prose genre, the historical transformation of its motifs, and its place within the national worldview and culture. The research findings reveal the artistic, theoretical, educational, didactic, and axiological functions of animalistic prose and provide a scholarly framework for its social and cultural roles. The findings and scholarly conclusions of the article may be applied in courses and seminars across the social sciences, as well as in research in literary studies, cultural studies, folklore, philosophy, pedagogy, ethnography, and related fields. The article is

oriented towards the study of Kazakh animalistic prose from a modern scholarly perspective and offers a framework for analysing and understanding questions of ecological consciousness, ethnocultural code, and axiological systems.

Keywords: folklore, motif, animalistic prose, national worldview, axiological system.

Исследование казахской анималистической прозы

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы изучения казахской анималистической прозы. Цель исследования – определить историческое развитие казахской анималистической прозы, история её изучения, особенности и место в национальном литературоведении. Следует отметить, что в казахском литературоведении крайне мало исследований, посвящённых истории изучения анималистической прозы, истоки которой восходят к казахскому устному народному творчеству. С учётом этих обстоятельств написание исследовательской работы по данной теме и определяет цель настоящей статьи. В соответствии с поставленной целью были определены следующие задачи: проанализировать проблемы становления и изучения казахской анималистической прозы; осмыслить художественные и аксиологические функции фольклорно-тотемных мотивов; определить теоретическую и научную значимость полученных результатов.

Научная новизна статьи заключается в комплексном рассмотрении взаимосвязи и преемственности мистических, фольклорных и тотемных мотивов в казахской анималистической прозе в контексте национального литературоведения. В статье анализируются эволюция жанра казахской анималистической прозы, историческая трансформация ее мотивов, а также место этого жанра в национальном мировоззрении и культуре.

Результаты исследования раскрывают художественные, теоретические, воспитательные, дидактические и аксиологические функции анималистической прозы. Выводы сформулированы с учётом исторического развития и хронологической эволюции казахской анималистической прозы, а также проблем её изучения. Результаты и научные выводы статьи могут быть использованы при разработке учебных курсов и проведении семинаров по общественным наукам, а также в научных исследованиях по литературоведению, культурологии, фольклористике, философии, педагогике, этнографии и другим направлениям. Статья ориентирована на изучение казахской анималистической прозы с позиций современной науки и открывает возможности для анализа и осмысления вопросов экологического сознания, этнокультурного кода и аксиологической системы.

Ключевые слова: фольклор, мотив, анималистическая проза, национальное мировоззрение, аксиологическая система.

Авторлар туралы мәлімет

Сәбит К.С. – корреспондент-автор, PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: kerimshe83@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.

Абдикулова Р.М. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: rauabdi@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.

Сведения об авторах

Сабит К.С. – автор-корреспондент, PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, e-mail: kerimshe83@mail.ru, Казахстан, г. Алматы.

Абдикулова Р.М. – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, e-mail: rauabdi@mail.ru, Казахстан, г. Алматы.

Information about the authors

Sabit K.S. – The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: kerimshe83@mail.ru, Kazakhstan, Almaty.

Abdikulova R.M. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: rauabdi@mail.ru, Kazakhstan, Almaty.